Шардара қаласы

«Шардара» мектеп - лицейі

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 1-отырысының хаттамасы

Шардара қаласы 02.09.2025ж

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар:Л.Ө.Құлмаханбет,Э.О.Кулиева,Қ.Нуржанова,Р.Кеңес, А.Арын.Б.Исабекова,Г.Тұрсымбетова.Д.Дүйсебаева,Э.Үмбетова,С.Жексенбаева,А.Базарбаева,

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ туралы ереже, ППҚҚ жылдық жұмысының жоспары);
2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындыларын талдау;
3. ПМПК қорытындысына сәйкес зерде бұзылыстары бар 5-9 сыныптардың білім алушыларына жеке оқу жоспарларын бекіту;
4. Жеке оқу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру алгоритмін қарастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Э.О.Кулиева мектеп директорының бұйрығымен құрылған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) құрамы, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ ППҚҚ туралы ереже және 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттары туралы баяндады. Жоспарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың даму динамикасын жүйелі мониторингтеу және ата-аналар мен педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мәселелерін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің педагог-дефектолог Қ.Нуржанова ақпарат берді. Мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдармен таныстырды.

2025–2026 оқу жылында мектебімізде барлығы ПМПК қорытындысы бар 6 оқушы білім алады. Оның ішінде 1 оқушы жеке оқу бағдарламасы бойынша, 5 оқушыға жалпы білім беру бағдарламасы бейімделеді.

Scanned with CamScanner

Жеке оқу бағдарламасы ұсынылған білім алушылар:

8 «Б» сынып оқушысы –Шәкір Нұрдаулет ОПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасы ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*
- *Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін қолдану;*
- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: арнайы педагогтің (дефектолог) қолдауы;*

ПМПК қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған білім алушылар:

4 «Б» сынып оқушысы – Бекболат Төреғали. ОПМПК №8 қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*
- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек:логопед, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдау;*

4 «б» сынып оқушысы – Қамбарбек Айқынбек. ОПМПК № 9 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*
- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек:логопед, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдау;*

5 «б» сынып оқушысы – Әбдіқадыр Бегімсұлу . ОПМПК № 12 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*
- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек:логопед,*

5 «ә» сынып оқушысы – Ұзақбай Дариға. ОПМПК № 9 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*
- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: арнайы педагогтің (дефектолог) қолдау;*

8 «Д» сынып оқушысы – Кадир Бейбарыс. ОПМПК № 11 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- *Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;*

Scanned with CamScanner

- *арнайы психологиялық-педагогикалық көмек:логопед,*

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Э.Кулиева ақпарат берді. ПМПК қорытындыларына сәйкес зияты зақымдалған 8 сынып білім алушысы үшін әзірленген жеке оқу жоспарларының мазмұны мен ерекшеліктері туралы толық ақпарат берді.

Жеке оқу жоспарлары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп әзірленгені атап өтілді:

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы және ҚР БҒМ МДОБК-нің 04.04.2022 ж. № 1-6/543 әдістемелік нұсқау хаты;

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығының 5-қосымшасы (зерде бұзылыстары жеңіл және орташа дәрежеде зақымдалған ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған).

Жеке оқу жоспарлары жалпы білім беретін мектептерге арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес, білім алушыларға қиындық туғызатын пәндерді қысқарту арқылы құрастырылды.

Жеке оқу жоспарлары келесідей бекітілді:

8 «б» сынып оқушысы Шәкір Нұрдаулет – қысқартылған пәндер: химия, физика, дүниежүзі тарихы, шет тілі. «Алгебра» мен «Геометрия» пәндері «Математика» пәніне, «Биология» пәні «Жаратылыстану» пәніне ауыстырылды.

Қысқартылған пәндердің (дүниежүзі тарихы, шет тілі және т.б.) орнына білім алушылар ППҚҚ мамандарының жеке немесе топтық түзете-дамыту сабақтарына қатысатыны айтылды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша арнайы педагог Қ. Нуржанова толық ақпарат берді. Жоғарыда аталған білім алушыларға жеке оқу бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде жеке оқу бағдарламалары бір жартыжылдыққа құрастырылатыны, арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері (special-edu.kz) қолданылатыны айтылды.

Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндердің (дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка, бастауыш сыныптар үшін АКТ) жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатыны атап өтілді.

Мектеп мұғалімдеріне жеке оқу бағдарламаларының үлгілері таратылды («Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе:

Scanned with CamScanner

методические рекомендации» / Елисеева И.Г. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 62 с.).

Жеке оқу бағдарламаларының әдістемелік бірлестіктердің қарауына ұсынылатыны және сол жерде қаралып, бекітілетіні атап өтілді.

Ұсыныстар:

- Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
- Зияты зақымдалған 8 сынып білім алушыларына арналған жеке оқу жоспарларын қарастыру және іске асыру.
- Қысқартылған пәндердің орнына білім алушыларды ППҚҚ мамандарының жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарына қатыстыру;
- Жеке оқу бағдарламаларын әдістемелік бірлестіктерде қарау және бекіту.
- Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (special-edu.kz) пайдалану.
- Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндерді (дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка, бастауыш сыныптар үшін АКТ) жалпы білім беретін мектептің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқыту.

Шешімдер:

- Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
- Зияты зақымдалған 8 сынып білім алушыларына жеке оқу жоспарлары бекітілсін.
- Қысқартылған пәндердің орнына білім алушылар ППҚҚ мамандарының жеке немесе топтық түзете-дамыту сабақтарына қатыстырылсын.
- Жеке оқу бағдарламалары әдістемелік бірлестіктердің қарауына ұсынылып, мақұлданғаннан кейін жүзеге асырылсын.
- Оқыту барысында арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері (special-edu.kz) қолданылсын.
- Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндер жалпы білім беретін мектептің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүргізілсін.

ППҚҚ төрайымы Ә.О.Кулиева

Хатшы: Қ.Нуржанова

Scanned with CamScanner